

А.С.Әділова, Б.Хасенов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Д.Исабеков шығармаларындағы «әйел» концептісінің вербалдануы

Мақалада қазіргі қазақ жазушысы Д.Исабековтің шығармаларындағы «әйел» концептісінің репрезентациясы қарастырылды. Бір жағынан, ол әмбебап концепт ретінде ментальді әлем бейнесінің барлығына тән болса, екінші жағынан, ол әлем бейнесінің ұлттық ерекшеліктерін де қамтиды. Концепт тілдегі лексикалық бірліктердің, түрлі сөздіктер материалдары мен мәтіндер көмегімен беріле алады. Жазушы «әйел» концептісінің инвариант және вариант типтерін вербалдаған.

Кілтімі сөздер: әлем бейнесі, ментальді кешен, «әйел» концепті, танымдық тармақтар, ұлттық таным, инвариант, күшті әдеби мәтін.

Көркем мәтін — аяқталған күрделі ойды білдіретін, бір-бірімен өзара тығыз байланысты горизонтал (лингвистикалық) және вертикал (экстралингвистикалық) контекст негізінде туындайтын, полисемантикалық, біртұтас коммуникативтік-прагматикалық ашық жүйе, демек, ол қажеттілікке қарай өзектеніп, әр ұрпақ одан өз бетінше дербес ақпар ала алады, жаңа мән-мағына таба алады. Көркем шығарманың вербалды құрылымы бір тақырыптық өріске қатысты мағыналық ұйытқы сөздермен беріліп, олардың парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарын қамтиды да, мазмұндық-нақты ақпарды түзеді. Мәтіннің осы лингвистикалық контексті мен вертикал контекст бір-бірімен ұштаса, сабақтаса келіп, өзара диалог құрайды, яғни көркем мәтіннің мазмұндық-астарлы, мазмұндық-концептуалды ақпарын қалыптастырады.

Жекелеген көркем мәтіндердің құндылығы оқырмандардың бірнеше буынының сынына төтеп беріп, уақытқа тәуелді болмайды, қоғамдағы әр алуан өзгерістерге қарамастан, адами, рухани қажеттілікті қанағаттандыратындықтан, қашан да өзекті болып қала береді. Мәңгілік тақырыптарды қозғаған осындай шығармалардың қатарында Д.Исабековтің үлкен-кіші жанрларда жазылған туындыларын атауға болады.

XX ғасырдың 60-жылдары әдеби үдеріске қосылған біраз қаламгерлердің шығармашылық ғұмыры тоқырау заманына тап келгені белгілі. Соған қарамастан олар тақырыбы, түрі, мазмұны, көркемдік шешімі жағынан бір-біріне мүлде ұқсамайтын, тіпті кейде кереғар пікір тудыратын туындылары арқылы қазақ көркем әдебиетіне қомақты үлес қосып, оқырмандарының назарына ілігіп отырды. Сондай жазушылардың қатарында Д.Исабековті де атауға болады. Оның туындылары ұлттық дүниетаным, болмыс, діл, тыныс-тіршілікті шынайы көрсететіндіктен де, өз оқырмандарының жан-дүниесін, рухани өзегін толықтырып, кеңейтіп, байытуға айрықша ықпал жасап, лингвомәдени қоғамда адами құндылықтарды, қасиеттерді орнықтыруға қызмет етті. Қаламгердің шығармалары қуанышы мен қайғысы, қызығы мен оңғағы, жақсылығы мен жамандығы, адалдығы мен опасыздығы қатар жүретін өмір деген күрделі, түйткілі көп үдерістің сан алуан жағдайын тақырып еткендіктен де, қазақ әйелдері бейнелерінің тұтас галереясы деуге болады. Жазушы шығармашылығындағы әйел образдарының қай-қайсысы болса да, халқымыздың әлем бейнесіндегі әйел концептісін жан-жақты ашатыны, танытатыны даусыз.

«Жалғыз ғана түпсіз нысан — адам. Ол туралы өмір бойы жазсаң да, тым аз ғана айтуға болады» [1] деген С.Моэмнің пікірін әйелге қатысты алатын болсақ, оның да сыны мен сыры, ақылы мен мінезі, білімі мен білігі, ұстанымы талай қаламгердің туындысына арқау болғаны байқалады.

Жалпы, әмбебап константа болып есептелетін «әйел» концептісі — «адам» концептісінің құрамдас бөлігі және барлық халықтардың әлем бейнесіне тән, сонымен қатар әр халықтың тек өзіне ғана тән әлем бейнесін танытатын менталді кешен. Сол себептен де қазіргі заманғы лингвистикада көптеген халықтардың тіліндегі бұл концепт соңғы 15–20 жылда диахронды-синхронды, салғастырмалы, салыстырмалы тұрғыда қарқынды зерттеліп жүр. Ал қазақ тіл білімінде А.М.Байғұтованың «қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты» [2], Б.И.Нұрдәулетованың «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі» [3] диссертацияларын атауға болады. Алғашқы зерттеуде ана тіліміздегі, көркем дискурстағы түрлі бірліктер арқылы вербалданатын ұлттық әлем бейнесіндегі «әйел» концептісі қарастырылса, кейінгі жұмыста жыраулар шығармашылығындағы әйел бейнесін құрайтын құрылымдар нақтыланған.

Концепт дегеніміздің өзі адамның ойындағы ментальді кешеннің вербалданған түрі десек, ол түрлі жағдайға, қаламгердің дүниетанымына, тілдік-мәдени құзіретіне байланысты әр қилы көрінеді, яғни, зерттеуші С.Жапақов айтқандай, «концепт типтері ұжымдық санада инвариант, индивидтік санада вариант түрінде болады» [4], сол арқылы концепт құрылымы кеңейіп, толығып, байып, ұлғайып отырады, себебі әр қолданыста оған сан алуан субъективті эмоционалдық, бағалауыштық, философиялық мән үстемеленіп отырады.

Әр қаламгер өз туындыларында сөздің халық ұғымындағы және өз тәжірибесіндегі мағыналарын тоғыстыру, астастыру нәтижесінде әлемді түйсінуді таныта алады, сондықтан «... концепт жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындайтын «сөздер қоры» (тірек сөздер) арқылы, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер көлемінде танылады» [3].

Қазақ тілінде «әйел» концептісін вербалдайтын номинативтердің саны біршама. Бұл номинативтер әйел адамның жас шамасын, кескін-келбетін, әлеуметтік мәртебесін, басқа адамның өміріндегі орнын, олардың өзін өзі және өзге персонаждың бағалауын көрсетеді. Осыған байланысты «әйел» концептісін құрайтын жағымды, жағымсыз бірнеше фреймді (құрылымдық элементті) атауға болады: әйел — әсемдік, әйел — еркелік, нәзіктік, әйел — ана, әйел — отбасы ұйытқысы, әйел — жар, әйел — ұяндық, ибалылық, әйел — адалдық, әйел — намысқойлық, әйел — періште, әйел — махаббат, әйел — еңбекқор, әйел — пері, әйел — ақылсыздық. Бұл танымдық тармақтар арқылы қаламгер өз кейіпкерінің толыққанды бейнесін жасай алады.

«Өкпек жолаушы» повесінде өз кейіпкерінің ішкі монологі арқылы «әрбір әйел танылмаған планета. Жай ғана планета емес, әрқайсысы мұңлы планета. Бүкіл дүниежүзінің ұлы ғалымдары жиналып, әйтеуір бір кезде әлемнің құпияларын ашуы мүмкін, ал бірақ ешқандай ғылым, ешқандай данышпан қарапайым әйел жанының құпиясын аша алмайды» деп атап көрсеткен жазушы Д.Исабековтің туындыларындағы әйелдер — қазақтың аналары, қарапайым қыз-келіншектері.

Д.Исабековтің «Гауһар тас» повесінде «әйел» концептісін құрайтын узалды номинативтердің барлығы және авторлық-индивидуалды таным бірліктері кездеседі: *әйел, апам байғұс, жеңеше, ақылды, ажарлы, ақ жарқын, қиялшыл жеңеше, жар, жас бойжеткендер, жас қыз, сылқым жеңгелер, келіншек, Қыжым кемпірдің қызы, қыз-келіншек, қара келін, жас әйел, еркек шашты біреу, кемпір-кешек, қарағым, бір қора қыз, гүлдей ару қыз, малына киінген, үрдей сұлу, ең бір сұлуы, сұлу әйел, қарындас, айдай сұлу, қатын, пері, бір жапырақ шүберек, сіңлі, еркін дала еркесі, аспанның періштесі, алтын, ана, жаман, махаббат.*

«Әйел» концептісінің «ана» әмбебап тармағының ассоциативті өрісіне тек жағымды **мейірім, жан жылуы, жанашырлық, кеңдік, жақсы көру, тілеуқорлық** семаларын вербалдайтын бірліктер жатады. Жазушы Қайыркеннің анасын нақты іс-әрекет үстінде көрсетеді, яғни концепт сценарий түрінде берілген: *Көнетоз қара шабаданға бар тапқан-таянғанын салып, апам байғұс қана көбелектей шарқ ұрып жүр; Апам қуаныштан күліп жүр, жылап жүр. Көзінен аққан жасты байқайтын емес. Қара баласынан да, келінінен де «айнала» береді; Апам өзге кемпірлер сияқты «келін деп» жатпай-ақ, оны өз қызындай көріп, «Салтанат» деп атап кеткен.*

Повестің алғашқы бетінде-ақ лингвомәдени қоғамда қалыптасқан стереотип байқалады, яғни «әйел» концептісінің ассоциациялық өрісіндегі жағымсыз құрылымдық элемент өзектендірілген. Бас кейіпкер Қайыркеннің әкесінің ер бала тәрбиесіне қатысты ұстанымын танытатын бұл танымдық тармақпен оның жалпы әйел қауымы туралы пікірі де, яғни субъективті көзқарасы да берілген: *...баланы айналып-толғана берсең, әйел тәрізді сынық, жасық болып кетеді.* Бұл фрейм

оның кейінгі сөздерімен де айқындала түседі әрі ол бағалау үш жақты — әкесі әрі әйелдерді, әрі өз баласын сипаттаса, Қайыркеннің өзі әкесінің іс-әрекеті, мінез-құлқы, дүниетанымына сын көзбен қарайды: «...Шошаңдап жүріп не мылтыққа түсіп, не машина қағып өліп қалмасам, жасым жиырмаға жетер-жетпесте **еркек шапты біреуге** үйленемін де, әке-шеше дегенді ұмытып, соның айтқанына көніп, айдауына жүріп, алгінің қалаған жағына лағып кетемін». Жағымсыз номинативтің эмоционалдық бояуын контекст те қалыңдата түскен. Дәл осы танымдық тармақты күшейтуге тағы бір күрделі аталым қызмет етіп тұрғаны байқалады: «...**Ыбыш қайта әйеліне дегенін істетіп, керекті жерінде қамшы көтере алады. Сенде ол да жоқ, бір жапырақ шүберегінің ашса алақанында, жұмса жұдырығында болып жүнжіп кетесің бе деп қорқамын...**». Алғашқы қолданыс ұлттық танымдық базада бар, бұрыннан қалыптасқан болса, соңғы екеуі жеке адамның өмірлік тәжірибесін, қоғамда жиі ұшырасатын жағымсыз көріністерді санадан өткізіп, қорыту нәтижесінде пайда болған.

«Әйел» концептісінің танымдық элементтерінің бірі — **әсемдік** семасы авторлық баяндауда, персонаж бағалауында, қосүнді сөзде кездеседі: *...бойы сұңғақ, кеудесіне басқан саусақтары азарып көрінеді, айтса айтқандай, көрікті, жанары ботаның жанарындай үлкен, кірпіктері найзадай ірі екен, толған айдай ақ жүз, реңді екен сабазың, ақылы көркіне сай болып келсе, Салтанаттың сұлу тұлғасы, қыр мұрыны мен дөңгелек жүзі, аппақ әсем тістері, арайлы жүзі мен тізесіне төгілген білектей қос бұрымы, елегізген еліктің жанарындай мөлт-мөлт етіп тұрған ойнақшыған көздері, мөлдір суға маржан сепкендей сылдырап күлу, келіншегінің бойындағы таптырмас еркелік, жарасымды наз бен тәтті қылық, бұралған сымбат пен күміс күлкі т.б.*

«Әйел» концептісінің жазушы өзектендірген келесі бір танымдық тармақтары — Салтанаттың ішкі жан-дүниесін, психологиясын, рухани тазалығын көрсететін **еркелік, нәзіктік, ұяңдық** семалары: *Толған айдай жүзіне қысылғаннан қан ойнап шыға келіп, екі беті жаңа піскен алмадай албырап жүре берді; Ол селт еткен маралдай маған жалт қарап, екі бетін алақанымен басып отыра кетті... Ол айтқан әндері үшін ұялып, не істерін білмей жүр; Имек қасы дір-дір етіп, жанарына бір ұяңдық ойнап шыға келді т.б.* Бұл семалар Ыбыштың қаталдығы, отбасындағы салқындықпен айқын контраста болғандықтан, повестің мазмұндық-астарлы, мазмұндық-концептуалды ақпарын ашу үшін айрықша маңызды: «Әй, осы мені аямайды-әй, — деді күліп, онысы несі екен... Сөйтіп жүріп жөндеп тартпайсың деп ұрсатыны бар тағы да, астапыралла!...»; *Салтанаттың бұл үнінде реніш те, зіл де жоқ, керісінше, нәзік әйелдің қатал еріне деген таңырқауы, сонымен бірге нәзік құрмет пен нәзік сезім жатыр еді; Оның бұл сөзі мен күлкісінде еріне деген жарасымды әжуа, жеңіл ғана байқалмас наз жатыр еді; Ерке мінезді, сәби сезімді менің жеңешем әнші де екен-ау! Имек қасы дір-дір етіп, жанарына бір ұяңдық ойнап шыға келді, Салтанат... сәлден соң жаз күлкісіне қайта енеді т.б.* Осы когнитивтік-пропозициялық құрылымдар Салтанаттың мықтылығын, төзімділігін, беріктігін қоса танытады.

«**Әйел — адалдық**» фреймін объективтендірген жазушы «суық үйден жабырқап, жалғызсырап жүрсе де, ... жарының бойындағы қаталдықты» кеш байқаған Салтанаттың аузына төмендегі сөздерді салады: «... Әйтсе де мен енді басқа жақтан бақыт іздемеймін. Іздеп барып дәл үстінен түскен бақыттың маған енді керегі де жоқ. Мен ол бақытты қиын жерден іздеймін, жоқ жерден іздеймін. Өмір сонысымен қызық, сонысымен мағыналы... Міне, мен ақыры сол дегеніме жетемін». Эмоционалды концепт деп саналатын бақыт лексемасы мағыналық ұйытқы сөз ретінде микроконтексте бірнеше қайталанып, фреймнің құндылығына акцент түсіріп тұрғаны байқалады.

Байқалып отырғанындай, қаламгер шығармашылығындағы осы мәтінде қазақ әйелінің эмоционалдық, психологиялық бейнесін танытатын қасиеттер жағымды мәнге ие, яғни «олардың қазақ мәдениетіне, ұлттық дүниетаным мен болмысқа тән ассоциация екені байқалады» [2; 30], ал орыс тіл білімінде «әйел» концептісін зерттеген А.В.Кирилина орыс әйелдерінің мінезін сипаттайтын ассоциациялық өрістегі лексика-фразеологиялық бірліктердің, паремиялардың жағымсыз коннотациясы басым екенін көрсетсе [5], зерттеуші Д.Масалимова ағылшын тіліндегі қазіргі кездегі әдебиетте қыз абыройы, әйел адалдығы, шыдамдылығы сияқты қасиеттер мүлде жоқтың қасы екенін атап өтеді [6].

Д.Исабеков өз шығармаларында лексика-семантикалық бірліктерді кейіпкерлерінің эмоционалдық сипатына қарай таңдап алады, сондықтан да оның субъективті көзқарасы қыз-келіншектерге сүйсіне, аянышпен, рақымшылықпен, түсіністікпен, кейде жеңіл ирониямен қарауды қамтиды да, мәтін модальділігін түзуге ықпал етеді.

«Әйел» концептісінің жоғарыда аталған фреймдері ұлттық танымдағы стереотиппен астасып жатқанын көруге болады, ал осы танымдық тармақтардан өзге бір үлгісі «Сүйекші» повесіндегі

диуананың бейнесін жасауға мүмкіндік берген **жанашырлық, кеңдік, батылдық** семалары. Өз басындағы қиын жағдай, жетімсіздік, қайғы, жалғыздыққа қарамастан, уақытын бөліп, мүлде танымайтын мүсәпір адамға білгенін еш өтеміз үйретіп, оны имандылық жолына түсірген әйелдің бойындағы адами қасиет ұлттық болмыспен, жалпыадамзаттық құндылықпен астасып, аталмыш семаларды өзектендірген.

Әйел — мұңлық, намысқойлық танымдық моделдері жазушының «Тіршілік» повесіндегі Қыжымкүл бейнесінен көрінеді. «Бір кездегі ырғалған байдың бұралған қызы Киеван шалдың бір уыс қара кемпіріне айналған» Қыжымкүлдің бар өміріне қатысты тезаурустағы әр түрлі семантикалық өрістегі бірліктер оның кескін-келбетін, табиғи болмысын, моралдік ұстанымдарын, эмоционалды, психологиялық жай-күйін, отбасылық, әлеуметтік жағдайын, көрген қиындықтарын, екі жақты — өзін-өзі және оны өзгенің — бағалауын жан-жақты, толық, егжей-тегжейлі таныта алады: *кемпір, шүйкедей қара кемпір, қара құмандай боп қушып отырған кемпір, қырым еті жоқ бейшара, мәлжубас, іргелі байдың үлде мен бұлдеге оранған қарқаралы қызы, еркін жүріп, еркін тұрып үйренген қыз, ақ сүйек қыз, үркек те нәзік қыз, тірі тұтқын, Еркежан, сорлы басы, бейшара түлкідей, Қыжымкүл тотымыз, қалыңдық, жүкті боп қалу, іштен шыққан шұбар жылан, көкпарша тарта жөнелу, бұл байғұс, абыройы төгілген қызы, сүйекке таңба түсірер қыз, өз перзенті, орталарыңдағы қыз, қара бет, қарындасы, бейуайым, бейқайғы шағы, жансыз адамдай, қайран қыз, қор болды-ау, белгісіз әйел, қос бұрымы шұбатылған, үріп ауызға салғандай реңді қыз, бейшара, төрт құбыласы түп-түгел ерке қыз, тірі жетім, ел кезбе, алтыншы бала, қырық бірінші жамау, аққудай сыланған сұлу қыз, байғұс бала, оң босағада отырып, екіқабат болу, қасқырға жем болу, күнәкар, айналайын-ау, киіктей қақандап жүрген адам, бұл бейбақ, сөнген нұр, сөнген мейірім, қатқан көңіл, менбәле, жүрегің нәзік қыз ең зой, пәленшенің қызы, сіңлім, бөтен әйел, жылтырақ зат, керек адамы, тұзы жеңіл байғұс, көрші үйдегі келіншек, туған қызымдай, туғанымнан да артық, келін, келіншегі, жарым, біреудің анасы, тәрбиелі жерден шыққан бала, шын жанашыры, Қыжымкүл апай, жеңеше, бір жапырақ кемпір, тіршілік иесі, алжуаз кемпір, күнәсі жоқ қой деймін байғұстың, әжемсіз Қыжымкүл, Қыз Жібегің, сүйеу.*

Обал-сауапты белінен басқан тексіздердің, тас жүрек әке мен қайырымсыз ағайынның жалған намысына бола тағдыры бір-ақ күнде өзгеріп шыға келген жас қыз қорлық пен мейірімсіздікті еш қарсылықсыз, көзге көрінбес қайратпен қабылдайды. Бұл автор баяндауымен де, кейіпкер сөзімен де вербалданады: *...Кешірім сұрағанмен, кешіретін түрлеріңізді көріп тұрғаным жоқ. Мен өлімнен жасқанбаймын, қайта, ай далада қаңғып жүргенімде ит-құсқа жем болмағаным өкініп, тәңірге тіл тигізіп тұрмын; Қыз алған жоқ, жансыз адамдай сілейіп тұра берді;...Бірақ әкем тереңінен ойламады. Егер сүйегіне таңба түсіргісі келмесе екеуіңе «Ен далада қаңғып жүріп елге кезіксе, кімнің қызы екенін айтпасын» деп тапсырар еді. Мен кім екенімді тірі жанға айтпасын. Оған осы сөзімді жеткізгейсіздер.*

Ұзақ ғұмырында осы сөзінен айнымай өткен Қыжымкүлдің жақынға да, жатқа да жан сырын ашпай, бойын тік ұстауы қазақ әйелінің өрлігі мен намысқойлығын танытады.

«Әйел — пері, періште» фреймдік тармақтары жазушының «Пері мен періште» повесіндегі Сафура образынан байқалады. Баяндау фреймі [7] Құлахмет пен көршінің пікірін вербалдағандықтан, концептінің сценарийлік құрылымы оқиғаның қалай өрбігенін ой елегінен өткізуге мүмкіндік жасайды: *Тыныс алғаны да сезілмейді. Оның жүзінде әбіржу де, қайғыру да, опыну да жоқ, сүйікті Сафурасына, қатыгез Сафурасына деген реніші мен күйініші де жоқ, бәріне де көнген, бәріне де разы. Лапылдаған қайғысы мен күйініші, бұрқанған намысы мен ызасы, ешқашан орны толмай өтетін азабы мен өксігі, бәрі-бәрі де мейірім мен ізгілік үшін жаратылған кеудесінде қамалып, тұншығып жатыр. Ол Смағұлды да, Сафураны да, ешкімді де кінәламайды, қаралап, қарғамайды. «Бұларың адамдық емес, хайуандық!» деп даурықпайды да. Бәрін үнсіз көтереді, ал-қуатының жеткенінше шыдап бағады. Ет жүрегі суға түскен кесектей езіліп, жаншылып, ішкі дүниесіне қара қан боп тамшылап таусылғаныша төзіп бағады; Әйелі деп қайтесің, — деді екіншісі қолын сермеп, — сайқал демеймісің. Мұны осындай халге жеткізген сол жезөкше. Бұл қаланы былғап болды да, екінші қалаға ауысты.*

Мұндағы бағалау оппозицияға негізделгені вербалды құрылымнан анық байқалады, яғни эмоционалды бояуы қанық тілдік бірліктердің, ауызекі сөйлеу тіліне тән элементтердің семантикасы танымдық тармақтың стереотипін көрсетеді.

Қаламгердің «Қарғын» романындағы Бағила мен Мәлике образдары «әйел» концептісін құрайтын, жоғарыда аталған барлық танымдық тармақтарды өзектендіру нәтижесінде басқаларға

ұқсамайтын, танымы да, талғамы да, білімі де, білігі де жоғары қазақ қыздарының бейнесін объективтендірген. Бұл роман жазушының атақты «Әпке» пьесасынан кейін жазылса да, онымен де, басқа туындыларымен де үндес екені даусыз.

Бағиланың бейнесін ашу үшін қаламгер оның ішкі монологіне прецедентті мәтін енгізеді, яғни Абайдың күшті әдеби мәтіндерге жататын өлеңінен алынған *«Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда...»* цитатасы «әйел» концептісінің бірнеше танымдық тармағының объективтенуіне жол ашады, себебі: «Кейіпкер сөзіндегі прецедентті құбылыс символдары әдетте оның өзімен қатар суреттелетін басқа персонажды мінездеуінен, бағалауынан көрінеді. Мұндай интертекстуалды элементтердің бағалаушылық қызметі екі жақты болады, өйткені қаламгер өз кейіпкеріне айтқызған интертекст арқылы оқырман сол кейіпкердің өзін бағалай алады» [8]. Бұл тұрғыдан келгенде Бағиланың өресі өзінен көп жоғары Жасынмен тіл табысуы, тең дәрежеде сөйлесуі, ұшқыр ойлауы, тапқырлығы, жаны қасаң болмаса да, қатаң мінезді әкесіне деген көзқарасы, туыс ағасының мінез-құлқы, ортасынан жатсыну сезімі т.б. қамтыған осы дәйексөздегі ойлы сөзі «әйел» концептісінің атрибутивтік, коннотативтік, субъективтік сипатын танытады. Жасынның сөзінде қайталанған бұл цитата мазмұндық-концептуалды, мазмұндық-астарлы ақпарды қалыптастыруға да қызмет етеді.

«Әйел» концептісінің айрықша бір танымдық тармағы — **«махаббат»** фреймі деуге болады. Әмбебап, метафизикалық деп танылатын махаббат концептісінің өзегі әлем бейнесіндегі түсінікпен сәйкес келсе де, қаламгер танымындағы шеткері аймақтарда түрлі ассоциативтік-бейнелік, эмоционалды-бағалаушылық модельдермен беріледі. Бұл орайда М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасын қарастырған Ж.Ермекованың «ғаламның діни-мифологиялық бейнесіндегі, ғаламның тарихи бейнесіндегі, ғаламның философиялық бейнесіндегі, ғаламның психологиялық бейнесіндегі махаббат модельдерін» 7 топқа бөліп қарастырғанын және олардың арасында ең көп вербалданатыны «ер мен әйел арасындағы махаббат концептісі» екенін атап көрсеткенін [9] айта кету орынды.

Романда **«махаббат — сор»** танымдық моделі өзектенген. Махаббат адамның жақсы қасиеттерін ашып, ұлғайтып көрсететіндіктен, оның азабы мен қайғысының өзі кез келгеннің еншісіне бұйырмайтын, маңдайына жазылмайтын сыбаға деп түсініледі. Концептінің метафорамен вербалданған тармағы Бағиланың ішкі монологінде ойсурет құрылымда танылады: *«Сонда... Сонда мен бұдан былай не істемекпін? Мұның бәрінің апарып тірейтін жері не болмақ? Көзді жұмып алып, қайда барары белгісіз кемеңің соңынан ілесе беруге болмайды ғой. Ол кеме, әрине, өзгелерге мүлде ұқсамайтын алып та сырлы кеме, баратын жері де мен көрмеген гажайып бір ертегідей қала, бірақ маған басқа қала керек, мүлде басқа қала. Ол, тіпті, кішкене ғана порт болуы мүмкін, айтсе де мен баратын жер — сол... ойда жоқта кездескен бір кемеңің алыптығына, жүрер жолының қызғылықты да қиындығына, барар қаласының бір-біріне ұқсамайтын әсерлілігіне елігіп, сол кемеңің ақылды да ашулы, сабырлы да салқын капитанымен алаңсыз еріп кете бермекпін бе?»*. Ойсурет құрылымды тармақта «махаббат — сор» танымдық моделі бұлардан басқа *жол, дауыл, жартас, туған порт, жаза* тәрізді лексемалармен репрезенттеледі. Бұл метафоралардың семантикасында үміт, қауіп, қатер, сенімсіздік сияқты түрлі сезімдердің кең ауқымы қамтылғанмен, трагедиялық тармақтың мықтылығы, беріктігі Жасынның шешімінен көрінеді: *Осы ой арпалысы өзін тынымсыз мазаласа да, ұстап тұруға болмайтын еріксіз күш оны аэрофлот агентствосының тоғызыншы кассасына қарай итермелей берді. Ол біреу зорлағандай қиналып билет алды, амалсыз самолетке отырды. Самолет те біреу зорлағандай орнынан қинала қозғалды, қинала екпін алды. Әйелдің бөлмесінен бері созылған адалдықтың жібі бырт етіп үзіліп кетті.* «Махаббат» концептісінің ассоциативтік өрісіне кіретін адалдық семасының концептуалдық метафора арқылы объективтенуінің өзі коннотативті.

Осы танымдық тармақ Мәлике тағдырына да тән, алайда оның сезім толқыныстары, қайшылығы, сезімін санаға жеңдіруі Бағиланың ішкі жан-дүниесі, психологиялық, эмоционалдық жай-күйіне қарағанда аз көрінсе де, эмоционалдық тұрғыдан аса ширыққан түрде беріледі: *Сол күні оңаша қалып, адам баласы, әсіресе, әйел баласы өз тағдырына өзі әмір ете алмайтынын, өз дегенінше өмір сүре алмайтынын ойлап жастығын сулаған. Әйел бақытының еркектердің бақытына мүлдем ұқсамайтынын, тіршілікте қанша биікке көтеріліп, даңққа ие болса да «бақыттымын» деп сезіну үшін әйелге олардың аздық ететініне, әйел бақытының тек еркекке тәуелді екеніне ызаланып жылаған.* Сценарийлік құрылымда берілген концепт арқылы қаламгер өз кейіпкерінің өткен күндерін, өмірлік ұстанымын аңғартады.

Жазушының тағы бір кейіпкері «әйел» концептісінің жағымсыз тармағын көрсетеді. «Есепшот, түйетауық және домино» әңгімесіндегі Пістекүлдің бейнесі өзі/өзге оппозициялық бағалауына

негізделген, яғни «өзін ауылдағы ең ажарлы, өжет, екі сөйлеу дегенді білмейтін және көзі ашықтығы жағынан өзгелерге қарағанда оқ бойы озық әйелмін деп санайтын; Өзі туралы мұндай берік байлам оның кеудесіне нан пісіріп, көшеге шыға қалса, былайғы жұртты көзіне ілмей, бойын тәкаппар ұстауға тырысатын;... білдей бұғалдырдың әйелі...» Пістекүл өзгелердің танымында шалдуар, шайпау, ұрысқақ. Соңғы бағалауды ішкі интертекстуалдылық көрсетеді:

Әй, Пістекүл, Пістекүл,
Сен қылатын іс не бұл?
Саған жақсы ат әпермес
Ұрыс деген түспегір.

Ағасы шығарған өлеңдегі бағалау автордың субъективті пікірі деуге болады, яғни «... ішкі интертекстуалдылық (романға хаттардың, күнделіктердің, кейіпкерлердің әдеби шығармаларының т.б. келтірілуі) — шын мәнінде, жалған болады, себебі келтірінді элементтерді автордың өзі жазады» [10].

Келтірілген мысалдардан көрініп тұрғанындай, Д.Исабековтің әр шығармасындағы «әйел» концептісінің танымдық тармақтары келесі туындысында қайталанбай, соны образ жасауға мүмкіндік берген. Бұл концептіні вербалдаған тілдік бірліктердің эмоционалдық, коннотациялық бояуының қанықтығы жазушы сөзқолданысының индивидуалдық мәнерін танытады, өзі жақсы білетін, ұстанатын ұлттық таным, болмыс, діл ерекшеліктерін оқырмандардың бірнеше буынына жеткізуді дiттейдi. Қаламгер концепт құрайтын құрылымдық элементтердің қарапайым, күрделі, бейнелі, кеңейтілген, метафораланған формаларын ұтымды, уәжді қолдану арқылы өз кейіпкерлерінің бітім-болмысын дәл, әсерлі, көркем бере алған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мозм С. Подводя итоги. — М.: Худож. лит., 1989. — С.56.
- 2 Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Филол. ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2008. — 30 б.
- 3 Нұрәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: Филол. ғыл. д-ры... дис. — Алматы, 2008. — 328 б.
- 4 Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: Филол. ғыл. канд. ... дис. — Алматы, 2004. — 117 б.
- 5 Кириллина А.В. Гендерные компоненты этнических представлений (по результатам пилотажного исследования) // Гендерный фактор в языке и коммуникации. — Иваново, 1999. — С. 46.
- 6 Масалимова Д. Когнитивно-прагматическое описание гармонии и дисгармонии речевого общения: Автореф.... канд. филол. наук. — Алматы, 2005. — С. 19.
- 7 Кубрякова Е.С. Краткий словарь когнитивных терминов. — М.: Изд-во МГУ, 1997. — 245 с.
- 8 Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы: Филол. ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, 2009. — 208-б.
- 9 Ермекова Ж.Б. Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы: Филол. ғыл. канд....автореф. — Алматы, 2010. — 19-б.
- 10 Арнольд И.В. Проблемы диалогизма, интертекстуальности и герменевтики. — СПб.: Образование, 1995. — С. 42.

А.С.Адилова, Б.Хасенов

Вербализация концепта «женщина» в произведениях Д.Исабекова

В статье рассмотрена репрезентация концепта «женщина» в произведениях современного казахского писателя Д.Исабекова. Являясь, с одной стороны, универсальным, присущим всем ментальным картинам мира, с другой — включающий в себя национальную специфику языковой картины мира, концепт может быть репрезентирован с помощью лексических средств языка, лексикографических материалов, различных текстов. Писателем вербализованы и инвариантные, и вариантыные типы концепта «женщина».

The article deals with the representation of the concept «woman» in the works of a contemporary Kazakh writer D.Isabekov. Being a universal concept on the one hand, inherent in all the mental pictures of the world, on the other hand, it includes the country-specific linguistic world. The concept can be represented by means of lexical means of the language, lexicographical materials, and different texts. Invariant and variant types of the concept «woman» are verbalized by the writer.